

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуін және айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 қаңтар N 82

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуін және айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовке қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің аумақтарында

этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуін және айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттер аумағындағы этил
спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және
темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымына
кеден және салық бақылауы туралы
КЕЛІСІМ

Тараптар мемлекеттері аумағындағы этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын ретке келтіру қажеттігін тани
о т ы р ы п ,

Кеден одағы туралы 1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы келісімдерді негізге ала

отырып және 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шарт пен 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық мекемесі туралы шартты ескеріп,

этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы саласында міндетті мемлекеттік реттеумен қамтамасыз етуді б а с ш ы л ы қ қ а а л ы п ,

экспорт-импорт операцияларына салық және кеден бақылауын жетілдіру, Тараптар мемлекеттерінің салық және кеден органдары арасында ақпарат алмастыру мақсатында бұдан әрі Тараптар аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер Үкіметі мыналар туралы келісті:

1 - б а п

Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдері" деген ұғым жанама салықтар белгіленген (акциздер және ҚҚС) Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес этил спиртін, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерін білдіреді.

Осы Келісімнің мақсаттары үшін этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерінің айналымынан аумаққа әкелу, аумақтан әкету Тараптар мемлекеттері аумағы арқылы өткізу, көрсетілген тауарлардың түрлерін сатып алу, сақтау, көтерме және бөлшек өткізу.

Тараптар осы Келісімге қол қойған күннен бастап 3 айлық мерзімде осы

келісім ережелері қолданылатындарға қатысты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің Тауарлық номенклатурасы (ТМД ТН) негізінде тауарлардың тізбесіне келіседі.

2-бап

Тараптар этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымына бақылауды тиісті құзыретті органдарға жүктейді.

3-бап

Өзара келісім бойынша Тараптар мемлекеттерінің салық және кеден

органдары этил спиртің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындар, сондай-ақ әкелу-әкетуді және транзиттік өткізуді жүзеге асыратын сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тізілімдерімен алмасады.

4-бап

Этил спиртің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерін әкелу-әкетуді тарифтік емес реттеу шаралары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары мен олардың халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Тараптар екі жақты негізде этил спиртің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерін тарап мемлекеттері аумағына/нан әкелуді/әкетуді жүзеге асырылатын шекаралық өткізу бекеттерінің тізімін айқындайды және келіседі.

Тараптар осы Келісімге қол қойған күннен бастап 3 айлық мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетіне шекаралық өткізу бекеттерінің тізімдерін жібереді.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің салық және кеден органдары екі жақты негізде тұрақты алмасуға жататын этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы бойынша қажетті ақпарат тізімі және көлемі.

7-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы саласындағы заңнамасын үлестіру жолымен мемлекеттік реттеу шараларына келісуге тырысуда.

8-бап

Этил спиртің, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдерін өткізуге бақылауды реттеу мақсатында Тараптар транзиттік тасымалдармен кедендік қамтамасыз етудің келісілген тәсілдерін белгілеуге тырысатын болады.

9-бап

Тараптар ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерде өндірілетін және олардың аумағына әкелінетін этил спиртіне, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдеріне акциз салығының (акциздің) ставкасын жақындатуға тырысатын болады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптар консультациялары мен келіссөздері жолымен рұқсат етіледі.

11-бап

Осы Келісімге оның бөлінбейтін бөлігі болып табылатын жекелеген Хаттамаларды реттейтін Тараптар келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

1 2 - б а п

Осы Келісім депозитарийді беретін болып табылатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті Тараптардың ішкі мемлекеттік рәсімдерін орындау туралы үшінші хабарламаны берген күннен бастап отызыншы күні күшіне е н е д і .

ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерінің қалғанының әрқайсысы үшін ол оның бекіту грамотасын сақтауға депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

1 3 - б а п

Әрбір Тарап осы Келісімнен шығуы немесе шыққанға немесе оған өзінің қатысуы тоқтағанға дейін алты айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп,

оған өзінің қатысуын тоқтатуы мүмкін.

Осы Келісімнің күші осындай хабарламаның депозитарийін алған

күннен бастап алты ай өтуі бойынша осы Тараптарға қатысты тоқтатылады немесе тоқтатыла тұрады.

_____ қ. 2002 жылғы орыс тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды.

Келісімнің түпнұсқалық данасы оның расталған көшірмесі әр Тарапқа жіберілетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғызстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

